



## ВОЛЕЙБОЛ ПРОФЕССОРЫ



Тегінде, жақсы волейболшыдан кеуде қатарлы математиктің шыға қоюы екіталай шығар, ал нағыз математик хас волейболшы бола алады екен. Және болғандай қандай! Мұны бүгінде тірі болғанында жасы 80-ге толатын қазақ волейболының көрнекті өкілдерінің бірі Заңғар Жәркешев өзінің өмірімен де, өнерімен де толық дәлелдеп, көрсетіп беріп кетті. Біз кезінде Заңғар ағаны волейболшы ретінде көре алған жоқпыз, бірақ ол тізгінің ұстаған волейбол командасының барлық өрлеуі мен шалқуы сәттеріне жақсы жанкүйер бола білдік. Оның құрған жасағы шынында сол жылдары аты Кеңес Одағы ғана емес, күллі әлемге таныла бастаған аса талантты ұжым болды. Бір қызығы, алуан қырлы дарын иесі Заңғар Жәркешев үшін спорт, соның ішінде волейбол басында өмірлік мәні бар нәрсе саналмаған екен. Мектепте өте жақсы деген бағаларға оқып, математика, физика секілді дәл ғылымдар пәндерінен алдына жан салмай жүрген ол тіпті волейбол ойнауға да оншалықты құштар бола қоймапты. Сол кездері орта мектепті үздік бітіргендерге алтын медаль беру үрдісі жоқ еді, болашақ данқты спортшы сондықтан кәмелеттік аттестатына уақытының ең жоғары белгісі – күміс медальды қоса алып шығады. Ал волейболға неміс құрайлы қарайтын ол сыныптастарының көптен-көп өтінуімен ғана мектеп құрамасы сапында ойнауға келісіпті. Сол-ақ екен, ұдайы жылдамдық пен ептілікті, құштілік пен табандылықты, тез шешім қабылдау мен беріле ойнауды керек ететін бұл ойын оны бірден өзіне үйіріп әкетеді. Қайда жүрсө де көштің алдында болуға ұмтылатын Заңғар көп ұзамай командаластарының нағыз көшбасына айналады. Алайда, мектеп бітіргенше өте жақсы волейболшы болып қалыптасып үлгерген Заңғардың бұл құмарлығына ата-анасы жай әншайін ермек деп қана қарайды. Сол себепті Мәскеудегі Тимирязев атындағы академияның түлегі, партия Орталық комитетінде, кейін Мемлекеттік жоспарлау комитетінде жауапты қызметтер атқарған әкесі мен қазақ әйелдері арасынан шыққан тұңғыш филология ғылымдарының кандидаты атанған аласы ұлдарының бұдан гөрі маңыздырақ кәсіппен айналысусы үшін Қазақ тау-кен металлургия институтына түсіп оқығанын қалайды. Соның ыңғайында Заңғар аталмыш институттың «Пайдалы қазбалар кен орнын пайдалану» мамандығы бойынша білім алып шығып, инженер болып еңбек

жолын бастайды. Ол жеті жыл бойы тау-кен инженер-технологы болып қызмет істейді. Бірақ осы жылдардың бәрінде оны волейболға деген күмарлық өзінен алшақтата қоймапты. Бұл жылдардың бәрінде ол сүйікті ойынынан көз жазып қалған жоқ. Соның арқасында тау-кен институтында оқып жүрген Занғар 1956 жылы Мәскеуде өткен КСРО халықтары спартакиадасына Қазақстан құрамасы сапында қатысып, команданың төртінші орынды жеңіп алуына елеулі үлес қосты. Ал кейін инженер болып жүргенінде бір күні бірден күрт шешім қабылдала, ол арада қаншама жылдардың өтіп кеткеніне қарамастан, Қазақ денешынықтыру институтының табалдырығынан аттайды. 1959 жылы белгілі энтузиаст Октябрь Жарылғапов тізгінің ұстаған «Буревестник» бірінші рет волейболдан КСРО біріншілігінің Куйбышев қаласында өткен «Б» класы бойынша сайысына қатысты. Ал 1960 жылы Тулада өткізілген финалдық ойындарда екінші орынға табан тіреген алматылық студенттер жасағы «А» класына берілетін екі жолдаманың біріне қол жеткізді. Сөйтіп, 1961 жылдан бастап кеңес волейболының ең жоғары эшелонында өнер көрсетуге көшті. Осы жылдың желтоқсан айында Алматыда өткен «А» класы командалары арасындағы квалификациялық турнирде бірінші орынды жеңіп алған «Буревестник» айды аспаннан бір-ақ шығарды. Осы жетістіктері үшін команданың Октябрь Жарылғапов, Занғар Жәркешев, Жәнібек Сауранбаев, Валерий Кассин, Евгений Акунов, Евгений Пресняков, Владимир Дьяков, Жұмаш Махмутов, Леонид Щербаков сынды ойыншылары спорттың бұл түрінен республикада «КСРО спорт шебері» атанған ең алғашқы ойыншылар болды.



Қазақстан волейболының іргесін қалап, қабыргасын тұрғызған Егор Иконников, Борис Дмитриев (жоғарыдағы спартакиадаға команданы бастап барған ойынши-жаттықтырушы) және Октябрь Жарылғапов сынды мықтылармен бірге сап түзген Занғар Жәркешев олардың ортасындағы ең жасы еді. Республика волейболының төрт бұрышын түгендеген осы төртеу екенін білікті мамандар бүгін де ұмыта қойған жоқ. Сол санаттағы Занғар волейболшы ретінде де бірқатар өсу жолдарынан өтті. Осы өрлеу өрісі оны КСРО-ның олимпиадалық құрама командасына кандидат етті. Одақ

біріншілігі белесінде алғашқы адымын енді ғана жасай бастаған, бірақ әлі үлкен табысқа жетіп көрмеген команда құрамында ойнайтын ойыншының өзін елдегі ең мықты волейболшылардың бірі екенін дәлелдеп беруі үшін сол кезде қаншалықты жанкешті ойын мен шеберлік керек болғанын пайымдау қазір де қыын емес. Занғар аға соны көрсете білді. Бірақ «Буревестнике» оның қалыптасу жылдарында ойнаған ол команدامен бірге ойыншы ретінде айтулы асулады бағындыра алмады. Оның барша биік белестері жаттықтырушылық кезеңімен жалғаса келді. Жоғары топтағы дебюттік біріншілігінде Жәркешев, Сауранбаев, Кассин, Махмутов, Пресняков, Акунов, Дьков, Щербаков сынды ойыншылардан құралған команда 16-орынға табан тіреді. Бұдан кейінгі 1961-1962 жылдарғы чемпионаттарда алматылықтар 13 орынға қазық байлатты. Ал 1963 жылы команда тағы да республика атынан КСРО халықтары спартакиадасына қатысып, финалдық айқаста Украина құрамасымен 4-5-орындарды бөлісті. Келесі 1964 жылы студенттер командасты еліміздің біріншілігіне қатысқан 24 команданың арасында 16-орын алды. Осы жылы команда капитаны Жәнібек Сауранбаев КСРО құрама командасының сапына алынды. Соңғы жылдары команданы үздіксіз капитаны болған Занғар Жәркешев 1965 жылы Қазақ спорт комитеті төрағасының орынбасары болып кеткен Октябрь Жарылғаповтың орнына «Буревестник» командастың аға жаттықтырушы болып тағайындалды. Осы жылы команданың Бұқілодақтық аренадағы өрлеуі басталды. Жаңа жас жаттықтырушының қол астында жаттыққан жігіттер бұл жолы чемпионатта 8-орынға бір-ақ секірді. Мұның соны КСРО құрамасы құрамында ойнап жүрген Жәнібек Сауранбаевтың қатарына команданың тағы бір белді ойыншысы Валерий Кравченконың қосылуына жеткізді. Келесі, 1966 жылы алматылық студенттер жасағы біріншілікте 4-орынға жайғасты. Ал Минск қаласында өткен Бұқілодақтық студенттер спартакиадасында алдарына жан салмай, алтыннан алқа тағып оралды. Команда сол жылы Прага қаласында өткен студенттердің еуропалық біріншілігінде де топ жарып, алтын медальдың иегерлері болып қайтты. Осы жылы бірінші рет Еуропаның жастар құрамалары арасында біріншілік үйымдастырылды. Ол Венгрияның астанасы – Будапешт қаласында өтті. Осы чемпионатқа КСРО құрамасы сапында қатысқан «Буревестниктің» өрендері Олег Антропов пен Александр Портной команданың бірінші орынды жеңіп алудына үлкен үлес қосты. 1967 жыл алматылық студенттер командастына алғашқы үлкен табыстарды әкелді. Бұл жылы волейболдан командалай біріншілік өткізілген жоқ. Оның орнын КСРО халықтарының Спартакиадасы аясындағы волейбол турнирі басты. Міне, осы сайыста Қазақстан атынан алаңға шыққан «Буревестник» командасты қола жүлдегер атанды. Осы жылы Түркияның Адана қаласында өткен Еуропа біріншілігінде КСРО құрамасы араға 16 жыл салып, бірінші орынды жеңіп алды. Осы жеңімпаз команда сапында Жәнібек Сауранбаев пен Валерий Кравченко алтыннан алқа тақты. Маусым сонына қарай олардың қатарына Олег Антропов та қосылды. Ал 1968 жылы «Буревестник» тұңғыш рет чемпионатта күміс медальға қол жеткізді. Біріншілікті өте күшті бастаған команданың осы жылы алтын жүлде алғындей-ақ реті бар еді,

бірақ еліміздің Олимпиялық құрамасына алынған Валерий Кравченко мен Олег Антроповтың шешуші ойындарға қатыса алмауы команданың Таллиннің «Калевінен» 2 үпай қалып қоюына себеп болды. Мұның есесін алматылықтар 1969 жылы толығымен қайтарды. Осы жылы КСРО чемпионы атағын талассыз жеңіп алған «Буревестник» Кенес Одағы кәсіподақтарының спартакиадасында да жеңімпаздар тұғырына жайғасты. Жалпы, 1967-1971 жылдарда Занғар Жәркешевтің жасағы КСРО біріншіліктерінде қатарынан 5 рет жүлдегерлер сапынан көрінді. Дегенмен, команда қол жеткізген ең ірі жеңістіктер оны бір рет КСРО чемпионы жасап, екі рет Еуропа чемпиондары кубогының иегері еткен 1969-1971 жылдар аралығымен тұспа-тұс келеді.

Халықаралық деңгейдегі осы сайыстарда ол білікті бапкердің арқасында көрі құрлықтың «Стяуа» (Бухарест, Румыния), «Гонвед» (Будапешт, Венгрия), «Лейпциг» (Лейпциг, ГДР), «Збройовка Зетор» (Брно, Чехословакия) секілді беделді командаларын тас-талқандап етіп жеңіп кетті. Еуропа чемпиондарының кубогы жолындағы жарыстың екі жылғы додасы арасында бірінші кезеңдегі тартыс «Буревестник» үшін оңайырақ болды. Алғашқы жылды жолдағы қарсыластарын бет қаратпай жеңіп келген ол сол жолы да Чехословакияның «Збройовка-Зетор» клубымен финалда жолығып, оны алдымен өз алаңында, сосын Алматыда бірдей есеппен – 3:0 етіп ұтып, жеңістің биік тұғырынан көрінген-ді. Ақтық соңғы айқас Алматыдағы Октябрьдің 50 жылдығы атындағы Спорт сарайында 1970 жылдың 3 шілдесі күні өтті. Араға жылға жуық уақыт салып, екі қарсылас тағы тоқайласты. Бұған дейін алматылықтардың жартылай финалда ГДР-дің «Лейпциг» командасымен өткізген екі ойынының тағдыры да қыл ұшында тұрып еді.

Құрамында әлемнің 7 чемпионы ойнайтын, өз елінің 15 дүркін чемпионы алаң иелеріне қарсы ойында біздің жігіттер 1:3 есебімен жеңіліп қайтты. Бұл оның екі жылдан бергі турнир бойына бірінші рет жеңілуі еді. Сонын Алматыдағы қарымта ойынға олар барын салды. Құдай сәтін салғанда, бұл жолы дауылпаздар қалғыған жоқ, үш партияны да өз есептеріне жаза білді. Содан соңғы ақтық айқастың бірінші ойыны Брно қаласында өтті. Мұнда алғашқы екі партияны тез өз пайдаларына шешкен жерлестеріміз содан соң қатарынан үш партияда алаң иелеріне ырық беріп қойды. Сөйтіп, 2:3 есебімен жеңілуге мәжбүр болды. Сонымен, бар үміт 23 сәуір күнгі ойынға барып тірелді. Мұнда жерлестеріміз бірінші партияда 15:7 есебімен басым түскенімен, келесі партияды 13:15 болып ұтылып қалды. Сонын үшінші партияны өзіне қаратып алған алматылықтар шешуші төртінші партияды біраз текетіреске тап келді. Онда 12:12 деген есеп көпке дейін өзгермей тұрып алды. Ақырында Жәнібек Сауранбаевтың ұрған добы есепті 13-ке жеткізді де, бәрі жеңілдеп сала берді. Оның артынша Николай Рагозин екі доп соғып, ойындағы соңғы нүктені қойды. Бірақ, мұнымен бәрі біткен жоқ. Кейінгі ереже бойынша кубокты алатын команда қарсыласын екі мәрте жеңуге тиіс болатын. Сондықтан, үшінші шешуші матчты бейтарап аланда ойнаулары керек болды. Осылайша арыстандай алысқан қарсыластар Бельгия орталығында бас қосты. Бұл бір шынында да жан беріп, жан алысатын ойынға айналды. Бірінші партияды 16:14 есебімен басым түскен

алматылықтар келесі партияны оп-оңай беріп қойды. Сосын үшінші партияда тағы алға шықты. Алайда, төртінші партия өте ауыр жағдайда өтті. Оның соны чехтардың жалпы есепті теңестіруіне апарып соқтырды – 2:2! Ал бесінші партияда дауылпаз команданың қарқынына қарсыластар тіпті де төтеп бере алмады – 15:3! Осылайша жалпы есепті 3:2-ге жеткізген «Буревестник» Кубокты жеңіп алды. Салмағы 29 килограмм 300 грамм болатын күміс Кубокты команда капитаны Жәнібек Сауранбаев екінші мәрте төбесінен асыра көтерді. Онымен бірге командаға бұл жеңісті Валерий Кравченко, Олег Антропов, Геннадий Гончаров, Александр Кормановский, Александр Портной, Николай Рагозин, Виталий Устименко, ағайынды Виталий және Вячеслав Шапрандар, Амангелді Сұлтанов, Вячеслав Усеинов және Алексей Жуков әперді. Бұлардың соңғы үшеуі осы жылды Кубокқа бірінші рет үлес қосса, алдыңғылары екінші мәрте Кубок иегерлері атанды. Сол сияқты Төленді Ахметжанов 1970 жылды Кубокты ұтып алғандар қатарында болды. Осы жылдарда Заңғар Жәркешев Қазақстанның тұңғыш Олимпиада чемпиондарын дайындалған шығарды. Олар – Валерий Кравченко мен Олег Антропов 1968 жылғы Мехико Олимпиялық ойындарынан мойындарына алтын алқа тағып оралды. Бұдан басқа, Жәнібек Сауранбаев пен Валерий Кравченко – Еуропа, ал Александр Портной мен Игорь Пыльников жасөспірімдер арасында әлем чемпиондары болды. Бұған қоса, 1966-1972 жылдары КСРО-ның студенттер құрамасына аға жаттықтырушылық жасаған Заңғар Асанханұлы өз командастын Халықаралық студенттер одағының чемпионы және қола жүлдегері, 1970 жылды Туринде (Италия) өткен Бүкіләлемдік универсиаданың күміс жүлдегері атандырды. Осы жылды ол КСРО-ның ең үздік жаттықтырушысы атанды. Өмірінің соңғы жылдарында Қазақ денешынықтыру институтында кафедра менгерушісі болып, профессор атағына қол жеткізген Заңғар Асанханұлы Жәркешев волейбол ойынының да оқымыстыры еді. Ол волейбол ойынының техникасы мен тактикасын өркендетуде өзінің ерекше қолтаңбасын қалдырды. Қашанда биіктен көрінуді алдына мақсат етіп қойып, сол деңгейден табылып келген Заңғар аға осы бағыттағы ізденісі нәтижесінде бұған дейін кеңес кеңістігінде де, әлемдік деңгейде де қолданылып көрмеген бірқатар тың тәсілдерді ойлап тапты. Соның бірі – басқа командалар допты әуелете жылдам ұрып, ойынға қосып жүргенде, «Буревестник» оны төменгі деңгеймен зырлатып жіберуге машықтанды. Бұл әдіс қарсыластар жағын ылғи састьрып тастаушы еді. Бұлардан бөлек, шабуылды ұйымдастыратын байланыстырушының бесінші аймақтан жетіп соққы жасауы мен «имек» («дужка») деп аталатын шабуыл комбинациясы секілді тактикалық құмылды да алғаш рет Заңғар ойынға ендірді. Аталмыш термин кейін бүкіл әлемге кең тарап, волейбол жөніндегі оқулықтар беттерінен берік орын алды. Кешегі Кеңес Одағында екінші аймақта жақын аралықтан доп беріп ойнау тәсілін де алғаш алматылық волейболшылар қолдана бастады. Ойын үстінде орталықта блок қоюшының тордың шетіне бір аттап жететін адымын да «Буревестник» дауылпазшылары шығарды. Осы арқылы қосарлы блок пайда болып, нәтижесінде жасақ Одак қана емес, тіпті бүкіл әлемдегі тор үсті қорғанысы мықты ұжымға айналды.

Сондықтан, Валерий Кравченко бірнеше рет әлем волейболының ең күшті блок қоюшысы атанды. Ол сондай-ақ Олег Антроповпен бірге топтық блоктың аса күшті жұбы саналды. Міне, осының бәріне білікті бапкердің ізденісі мен тапқырлығы арқасында қол жетті. Заңғар Жәркешев өзін мемлекеттік қызметте жүргенде де білікті маман ретінде таныта білді. Ол 1977-1987 жылдары ҚазКСР Министрлер Кеңесі жанындағы денешынықтыру және спорт комитеті төрағасының орынбасары болып жүрген кезінде спорттың 43 түріне байыпты басшылық жасады. Ал бір сөйлеммен айтып өтсек, осы уақыттарда қыскы спорт түрлерінің дамуына ерекше көніл бөлген Заңғар Асанханұлы конъки спорты, трамплиннен шаңғымен секіру, шаңғы жарысы жөнінен республикалық бірлескен орталық ашылуына мұрындық болды. Ал 90-шы жылдардың басында республикада көптеген спорт мектептері жабыла бастаған тұста елдегі волейболды сақтап қалуды мұрат тұтып, «Дорожник» клубын құруға атсалысты. Барынша жан-жақты білімді жоғары интеллектуалдың адамы Заңғар Жәркешев шын мәнінде де ұлы жаттықтырушы еді. Жақсы білетіндердің бәрі де оның расында ұлы болғанына ешбір шұбә келтірмейді. Серік ПІРНАЗАР, «Егемен Қазақстан»